## Тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған шығарушылық кеден баждарының ставкалары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 маусымдағы N 841 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14.* N 765 *қаулысымен.*

Отандық тауар өндірушілерді қолдау және республикалық бюджеттің кіріс бөлігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағына қатысушы мемлекеттерден тысқары жерлерге Қазақстан Республикасының аумағынан шығарылатын тауарларға арналған кеден баждарының ставкалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетін қазақстандық тарап қабылдаған сауда қызметін реттеу жөніндегі іс-шаралар туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы жарияланғаннан кейін отыз күннен соң күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 5 маусымдағы
N 841 қаулысына қосымша

*Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.11.14. N* 1713 *, 2001.03.20. N* 372 *, 2002.01.09.* N 13 *, Қосымша жаңа редакцияда - 2004.02.12. N* 170 *, 2004.12.27.* N 1404 *, 2005.06.02. N* 564 *, 2005.09.06. N* 898 *(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.*

**Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына қатысушы мемлекеттерден тысқары жерлерге әкетілетін тауарларға арналған кедендік баждардың ставкалары**

---

ЕурАзЭқ | | Баж ставкасы
СЭҚ ТН | Тауардың атауы* | (кедендік
бойынша | | құннан %-бен

| тауардың коды | | не евромен) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 4101 | ірі қара малдың (кодастарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдасына жататын жануарлардың өңделмеген терілері (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған | 20, бірақ 1 тн үшін 200 ЕВРО-дан кем емес |
| 4102 | қойлардың өңделмеген терілері немесе қозылардың терішелері (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелден-ген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған) жүн басқан немесе жүн баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1 в ескертуімен алынып тасталғандардан басқа | 20, бірақ 1 тн үшін 200 ЕВРО-дан кем емес |
| 4103 | өзге де өңделмеген терілер (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күл-денген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1 б немесе 1 в ескертуімен алынып тасталғандардан басқа | 20, бірақ 1 тн үшін 200 ЕВРО-дан кем емес |
| 5101-5104 00 000 0 | Кардамен немесе тарақпен тарауға ұшырамаған жүн, жануарлардың | 10, бірақ 1000 кг үшін 50 евродан |

| | | |
|---|---|---|
| | қылдары, олардың қалдықтары; жүннен немесе жануарлардың биязы немесе қылшықты қылынантүтілген шикізат | кем емес |
| 7204** | Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қара металдардың қайта балқытуға арналған құймалары (шихталық құймалар) | 15 бірақ 1 тонна үшін 20 евродан кем емес |
| 7302 | Темір жол немесе трамвай жолдары үшін пайдаланылатын қара металдан жасалған бұйымдар: рельстер, қарсы рельстер және тісті рельстер, ауыспалы рельстер, тұйық қиылыс айқаспалары, ауыспалы штангалары және өзге де көлденең қосылыстар, шпалдар, түйіспе жапсырмалары мен төсемдері, сыналар, тірек тақталары, ілгекті рельс бұрандамалары, төсемдер мен созғыштар, тұғырлар, көлденең жақтаулар мен рельстерді қосуға немесе бекітуге арналған өзге де бөлшектер | 20, бірақ 1 тонна үшін 20 евродан кем емес |
| 7404 00 | Мыс қалдықтары мен сынықтары | 30, бірақ 1 тонна үшін 330 евродан кем емес |
| 76 | Алюминий және одан жасалған бұйымдар | 15, бірақ 1 тонна үшін 100 ЕВРО-дан кем емес |
| мынадан | басқа: | |
| 7601 20 100 | Алюмо-бериллий лигатурасы | 0 0-ден |
| 8607 | Темір жол локомотивтерінің немесе трамвайдың моторлы вагондарының немесе жылжымалы құрамның бөлшектері | 20, бірақ 1 тонна үшін 15 евродан кем емес |

* Тауарлар номенклатурасы тауарлардың кодымен де, атауымен де айқындалады.

**Көрсетілген тауарларға әкетілетін кедендік баждардың ставкалары нақты жағдайда баратын елдер болып табылатын Еуропалық Одаққа мүше елдердің кедендік аумағына экспортталатын тауарларға қатысты қолданылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК